

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН
ЖҰМЫС ЖАСАУДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ, АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ
ҚОҒАМНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ БОЙЫНША ҮЛГІЛІК АЛГОРИТМ
(нұсқаулық-әдістемелік хат)**

Астана, 2025

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ, АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ БОЙЫНША ҮЛГІЛІК АЛГОРИТМ

Педагогтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу барысында ата-аналармен және мамандармен өзара әрекеттесуінің үлгілік алгоритмі (*бұдан әрі – Үлгілік алгоритм, ЕББҚ бар балалар*) оқу-тәрбие үрдісінде оларды кешенді және үйлестірілген қолдаумен қамтамасыз етуге бағытталған.

Идеяның өзектілігі. Сыныпта ЕББҚ бар бала пайда болған жағдайда – бұл сынып ұжымы өміріндегі маңызды кезең болып табылады және бұл ерекше назарды, түсіністік пен ынтымақтастықты талап етеді.

Сынып жетекшісі мен бүкіл мектеп командасы аталған оқушының сәтті бейімделуі мен оқуы үшін қолайлы жағдай жасауға міндетті.

Бұл ата-аналармен, мамандармен (*арнайы педагог, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері*), пән мұғалімдерімен, сондай-ақ директордың тәрбие ісі жөніндегі және оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен өзара әрекеттесуді қамтиды.

Мұнда тек баланың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеру ғана емес, сонымен қатар сыныпта қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, сыныптастары арасында сыйластық қарым-қатынасты дамыту және оқушының әлеуетін толық ашуға көмектесетін қолдау шараларын ойластыру маңызды.

Үлгілік алгоритмнің мақсаты – білім беру процесінің барлық қатысушыларының тиімді өзара әрекеттесу механизмін, жүйелі тәсілді қалыптастыру, оқыту мен тәрбиелеудегі кедергілерді барынша азайту, баланың толыққанды әлеуметтенуін қамтамасыз ету.

Негізгі қағидалар:

- құқықтар теңдігі;
- кедергісіз орта құру;
- ашықтық;
- құпиялылық;
- жауапкершіліктің біртұтастығы;
- жүйелі ынтымақтастық.

Үлгілік алгоритмді әзірлеудің құқықтық негізі:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтер мен түрлердегі білім беру ұйымдарының қызметінің типтік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ереже және өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Үлгілік алгоритм мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, педагог-психологтарға, әлеуметтік педагогтерге, медицина қызметкерлеріне, оқу-тәрбие және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарларына, сондай-ақ ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған.

Құжат ұсынымдық сипатқа ие және білім беру ұйымының нақты жағдайына, баланың ерекшеліктеріне және нормативтік-құқықтық базаға байланысты бейімделуі мүмкін.

Үлгілік алгоритм негізінде білім беру ұйымының Алгоритмі әзірленеді (*ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу барысында сынып жетекшісінің ата-аналармен және мамандармен өзара әрекеттесу алгоритмі*), ол бірінші басшының бұйрығымен бекітіліп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеу туралы ережеге немесе білім беру ұйымының инклюзивті жұмыс жоспарына енгізіледі.

Барлық педагогтер мен мамандар құжатпен қол қойып танысады.

Сынып жетекшісі мен мамандар алгоритмнің тармақтарына сәйкес әрекет етеді – ақпаратты анықтаудан бастап жыл қорытындысын талдауға дейін. Әрбір қадам тиісті құжаттамада тіркеледі (бақылау журналы, консилиум хаттамалары, есептер).

Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары инклюзивті білім беру бойынша үйлестіруші ретінде алгоритмді жаңа қызметкерлерді оқыту кезінде қолданады, бұл мектепте бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымының алгоритмі ата-аналармен, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялармен (ПМПК), әлеуметтік қорғау

органдарымен және медициналық мекемелермен өзара әрекеттесуде мектеп жұмысының жүйелілігін дәлелдейтін құжат ретінде пайдаланылады.

Қажет болған жағдайда білім беру ұйымының алгоритмі баланың жасына, оның білім беру қажеттіліктерінің ерекшеліктеріне және мектеп ресурстарына қарай бейімделеді, дегенмен жалпы құрылым мен әрекет логикасы сақталады.

Алгоритм Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 227 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп қағидаларының 6-тармағы, 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ішкі тәртіп қағидаларына енгізілуі мүмкін.

1-тарау. Ақпаратты анықтау және тіркеу

1-қадам. ЕББҚ бар бала туралы деректерді алу. Оқушыда ерекше білім беру қажеттіліктерінің бар екенін және олардың сипатын растау қажет, сонымен қатар бейімдеудің құқықтық негіздері мен шектерін анықтау, қолдауды жоспарлау үшін бастапқы деректерді жинау маңызды. Атап айтқанда: ПМПК қорытындысы, медициналық құжаттар, ата-аналардан алынған мәліметтер, психолог пен әлеуметтік педагогтің ақпараты.

Жауаптылар:

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

сынып жетекшісі – оқушы туралы мәліметтерді жинауды үйлестіреді;

ата-аналар – балаға қатысты құжаттарды ұсынады;

медицина қызметкері – медициналық көрсеткіштер бойынша құжаттарды тексереді немесе салыстырады;

арнайы педагог, психолог және әлеуметтік педагог – диагностика нәтижелерін, тұрмыстық жағдайлар шеңберінде жүргізілген зерттеу актілерін және басқа да құжаттарды ұсынады;

хатшы немесе іс жүргізуші – деректер есебін жүргізеді.

2-қадам. Ақпаратты оқушының жеке ісіне тіркеу (күпия түрде). Деректерге заңды және қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке сүйемелдеу үшін ресми негіз қалыптастыру, ақпараттың жоғалуын немесе бұрмалануын болдырмау қажет.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі – бастамашы болады;

хатшы немесе іс жүргізуші – құжаттарды ресімдейді және сақтайды;

директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – деректерге қол жеткізу тәртібін бақылайды;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – тәрбие жұмыстары үшін жинақталған ақпаратты алады.

3-қадам. ЕББҚ-ді ескеру туралы педагогтерді хабардар ету. Уақытылы талаптар мен әдістерді бейімдеу, оқушыға шамадан тыс жүктеме түсуінің алдын алу, пән мұғалімдерінің, қолдау қызметінің және тәрбие шараларының жұмысын үйлестіру қажет.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі – пән мұғалімдері мен мектептің басқа қызметкерлерін ақпараттандырады;

директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – бұл туралы жоспарға және бұйрыққа енгізеді;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – тәрбие жоспарларына енгізуді қамтамасыз етеді;

пән мұғалімдері, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері – аталған ақпаратты қабылдап, орындауға кіріседі.

2- тарау. Жеке қолдау шараларын жоспарлау

4-қадам. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (*бұдан әрі – Қызмет*). Балаға қатысты шешімдер қабылдауды жеделдету, тұрақты байланыс орнату және рөлдер мен жауапкершілік аймақтарын нақты бекіту қажет.

Қызмет Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына сәйкес құрылады.

Қызметтің құрамы:

- директор орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, ассистент-педагогтер, кәсіби бағдар беру педагогтері.

Қызметтің құрамын білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Баланы тексеру және психологиялық-педагогикалық қолдау ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен жүргізіледі. Нәтижелерді ата-аналармен және қалауы бойынша басқа да маңызды тұлғалармен бірлесіп қарау. Психологиялық-педагогикалық қолдау аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге көмек көзделеді.

5-қадам. Консилиум (немесе белгілі бір бала бойынша мектептің педагогикалық кеңесін) өткізу.

Күшті жақтар мен қиындықтарды бірлесіп талдау, басымдықтар мен тәуекелдерді анықтау, қолдау форматтары мен әдістерін, табысқа жету өлшемшарттарын үйлестіру қажет.

Жауаптылар:

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жұмысты үйлестіреді
Сынып жетекшісі бастама жасайды және хаттаманы жүргізеді;

психолог психологиялық-педагогикалық ұсыныстар енгізеді;

әлеуметтік педагог әлеуметтік контекст пен ресурстарды ұсынады;

медициналық қызметкер шектеулер мен рұқсаттар туралы ақпарат береді;

пән мұғалімдері оқытуға бейімделу бойынша ұсыныстар дайындайды;

директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тәрбие шараларын біріктіреді.

6-қадам. Жеке қолдау жоспарын (ЖҚЖ) әзірлеу. Жекелендірілген траекторияны рәсімдеу қажет: бейімделген бағдарлама, бақылау нысандары, қолдау мен әлеуметтендіру бойынша іс-шаралары, мерзімдер мен көрсеткіштерді белгілеу.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі ЖҚЖ әзірлейді (жинақтайды);

психолог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер ЖҚЖ-ға өз саласы бойынша бөлімдер қосады;

пән мұғалімдері ЖҚЖ-ға пәндік бейімделу және бақылау шараларын қосады;

директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖҚЖ-ға тәрбие іс-шаралары мен әлеуметтік интеграция жөніндегі шараларды қосады;

ата-аналар ЖҚЖ келіседі;

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ЖҚЖ бекітеді.

3-тарау. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу

7-қадам. ЕББҚ бар баланы пән мұғалімдерінің бейімделген материалдармен қамтамасыз етуі.

Мазмұн мен бағалаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, динамиканы белгілеу және тәсілдерді түзету, сондай-ақ академиялық үлгерімсіздіктің алдын алу қажет

Жауаптылар:

пән мұғалімдері бейімдеу мен есеп беруді жүзеге асырады. Мұғалімдер оқу материалын бейімдейді және нақты бір бала үшін оқу материалына, тапсырмаларға, бақылау формаларына және оқыту әдістеріне өзгерістер енгізеді.

Бұл тапсырмаларды тұжырымдауды жеңілдету, жұмыс көлемін азайту, қосымша көрнекі материалдар ұсыну, тақырыптың өту қарқынын өзгерту немесе білімді тексерудің қолжетімді әдістерін таңдауы мүмкін.

Бұл өзгерістер мен жұмыс нәтижелерді тіркеу сабақ жоспарларында, жеке білім беру бағдарламасында немесе жеке оқу жоспарында, электрондық журналда немесе әкімшілікке немесе мамандарға (психолог, дефектолог) арналған есептерде белгіленеді.

Яғни, пән мұғалімдері жай ғана «әдеттегідей сабақ бермейді», нақты оқушылар үшін ерекше жағдайларды ескереді және нақты жұмысты құжаттайды;
сынып жетекшісі кері байланыс жинайды;

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сапа мен мерзімдерді бақылайды;

8-қадам. Арнайы педагогтер мен психологтың диагностикасы және түзету сабақтары

Оқуға әсер ететін эмоционалды және мінез-құлық факторларын анықтау қажет, мазасыздық пен стрессті азайту, өзін-өзі реттеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту қажет.

Жауаптылар:

педагог-психолог диагностика және сабақтар жүргізеді;

сынып жетекшісі динамика туралы хабарлайды;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары психологтың ұсынымдарын тәрбие ортасына біріктіреді;

ата-аналар баланы үйде қолдайды.

9-қадам. Әлеуметтік педагогтің отбасын әлеуметтік тұрмыстық қолдауы.

Оқудағы сыртқы кедергілерді жою, әлеуметтік қолдау шараларына қол жеткізуді қамтамасыз ету және сыртқы қызметтермен өзара іс-қимылды жолға қою қажет.

Әлеуметтік педагогтің «кейсті жүргізуі» – бұл әлеуметтік қолдауға мұқтаж баланы қолдау: маман жағдайды анықтайды, қалай көмектесуді жоспарлайды, мұғалімдермен, психологпен және басқа қызметтермен жұмысты үйлестіреді, қолдауды ұйымдастырады – тегін тамақтану, киім-кешек пен оқу материалдарынан бастап кеңес алу, отбасына көмектесу және баланың

құқықтарын қорғауға дейін, жоспардың орындалуын қадағалайды және жағдай тұрақтанғанша құжаттарды жүргізеді.

Жауаптылар:

әлеуметтік педагог кейсті жүргізеді;

сынып жетекшісі өзінің және мамандардың бақылаулары туралы хабарлайды

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тәрбие жұмысы шеңберінде әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысады;

ата-аналар мәліметтерді ұсынады.

Педагогикалық қолдау орталығымен өзара іс-қимыл:

- ЕББҚ бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды баланы қабылдау ортасын және ресурстық қолдау ортасын құру бойынша ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу;

- ЕББҚ бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мен ата аналарды қолдау үшін бірлескен іс шаралар өткізу.

10-қадам. Білім беру ұйымының медицина қызметкері жүзеге асыратын шектеулер, ұсынымдар, жағдайларды бақылау. Баланың денсаулығын қорғау, жүктеме мен жағдайларды бейімдеу қажет, өршу кезіндегі іс-қимыл алгоритмдерін анықтау қажет.

Медицина қызметкерінің ұсыныстары – зиян келтірмеу және уақтылы көмек көрсету үшін баланың денсаулығын ескере отырып, оқуын және мектепте болуын қалай ұйымдастыруға болатыны туралы нақты нұсқаулар.

Оларға:

- дене белсенділігінің шектеулері (*белгілі бір жаттығулардан босату, жеңіл бағдарламаға қатысу*);

- тұрудың ерекше шарттары (*сыныпта орын таңдау, гипотермиядан аулақ болу, қосымша үзілістер*);

- тамақтану талаптары (*арнайы диета, белгілі бір тағамдарды алып тастау*);

- оқу жүктемесін бейімдеу (*тапсырмалар көлемін азайту, бақылауға көбірек уақыт*);

- өршу немесе нашарлау кезіндегі әрекеттер алгоритмін жасау кіруі мүмкін.

Жауаптылар:

медицина қызметкері бақылауды жүзеге асырады;

сынып жетекшісі және пән мұғалімдері ұсыныстарды орындайды;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары іс-шараларды жоспарлау кезінде ұсыныстарды ескереді;

ата-аналар медициналық құжаттарды ұсынады және баланың жағдайы туралы хабарлайды.

11-қадам. ЕББҚ бар баланың команданың барлық мүшелерімен, сыныптастарымен жайлы қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

Құпия ақпаратты ашпай-ақ, сыныпты қолдау мен көмек көрсетудің қажетті ережелері туралы әдепті түрде хабардар ету қажет.

Балаларды құрмет қарым-қатынас дағдыларына үйрету, бірлескен, бірақ денсаулыққа қауіпсіз іс-шаралар ұйымдастыру, сыныптастарын оқуға және мектеп істеріне қатысуға көмектесу ұсынылады (бала мен ата-ананың келісімімен).

Ықтимал қақтығыстар мен кемсітушіліктің алдын алуға назар аудару.

Жауаптылар:

медицина қызметкері ұсыныстарды тұжырымдайды және жаңартады;

сынып жетекшісі олардың сақталуын қамтамасыз етеді, сыныппен әңгімелер жүргізеді, қауіпсіз өзара әрекеттесу үшін жағдай жасайды;

пән мұғалімдері шектеулерді ескереді және жағымды атмосфераны сақтайды;

педагог-психолог сыныпты инклюзивті қарым-қатынас дағдыларына үйретуге көмектеседі;

арнайы педагогтер арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары іс-шараларды тәрбие жоспарына енгізеді;

ата-аналар баланың жағдайы туралы хабарлайды және үйде өзара әрекеттесу үшін қажетті тәсілді қолдайды.

Педагогтерді психологиялық қолдау орталықтарының сүйемелдеуі:

- педагог-психологтарға, арнайы педагогтерге, ЕББҚ бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге супервизия ұйымдастыру және өткізу;

- білім алушылардың бойында ЕББҚ бар балаларға жанашырлық пен мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары мен тәрбие іс-шараларының жоспарларын әзірлеу.

ЕББҚ бар балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру.

12-қадам. Сынып жетекшісін үйлестіру және бақылау журналы. Барлық қатысушыларды байланыстыру, ЖҚЖ орындалуын қадағалау, іс-әрекеттерді жедел түзету және динамиканың дәлелді базасын қалыптастыру қажет.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі негізгі үйлестіруші және бақылау/ұсыныстар журналының иесі;

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –куратор;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – тәрбие бағытының үйлестірушісі.

13-қадам. Тұрақты кездесулер. Нәтижелер мен қиындықтарды талқылау, мақсаттар мен стратегияларды жаңарту, ата-аналарға үйде көмек көрсету әдістерін үйрету және «мектеп отбасы» серіктестігін нығайту қажет.

14-қадам. Жедел байланыс. Проблемалар/жетістіктер туралы тез хабардар болу; штаттан тыс жағдайларда іс-әрекеттерді келісу; бірыңғай ережелер мен режимді сақтау керек.

4-тарау. Мониторинг және түзету

15-қадам. Ай сайынғы ақпарат жинау. Оқудағы, мінез-құлықтағы және денсаулықтағы динамиканы көру керек; ЖҚЖ-ны уақтылы түзету; ресурстарды/кедергілерді бекіту.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі жинайды және жинақтайды,
пән мұғалімдері, психолог, әлеуметтік педагог және медицина қызметкері есеп береді;

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – бақылайды;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - тәрбие нәтижелерін бағалайды.

16-қадам. Аралық консилиум, мониторинг. Көрсеткіштер бойынша жетістікті бағалау, қолдау жоспарына өзгерістер енгізу, мақсаттар мен өлшемдерді растау немесе қайта қарау қажет. Жеке даму бағдарламасының жетістіктерін іске асыру мониторингі – даму динамикасын қадағалау, бағдарламаны түзету, командалық қайта бағалау.

Жауаптылар:

сынып жетекшісі бастама жасайды және материалдарды дайындайды;

бүкіл команда шешім қабылдайды және хаттамаға қол қояды;

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары түзетулерді бекітеді.

17-қадам. Жылдың қорытынды талдауы. Жұмысты қорытындылау, келесі оқу жылына ұсыныстар қалыптастыру және сабақтастықты қамтамасыз ету қажет.

18-қадам. Қоғамдық қолдау және инклюзивті орта құру. Мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарды, волонтерлік жобаларды, әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларын тарту, әлеуметтік кемсітушіліктің (буллингтің) алдын алу, ЕББҚ бар балаларды қолдауға оң көзқарасты қалыптастыру ұсынылады.

ЖАЛПЫ ҰСЫНЫМДАР:

- Үйлестіруді күшейту: педагогтер, ата-аналар және қоғам өкілдері арасында тұрақты байланыс орнату үшін үйлестіруші тұлға немесе топ тағайындау;

- ЖҚЖ-ны нақтылау: жеке білім беру жоспары баланың даму динамикасына сәйкес жаңартылып отыруы тиіс;

- Қоғамдық ресурстарды жүйелеу: ҮЕҰ, еріктілер және жергілікті органдармен тұрақты серіктестік орнату арқылы қосымша қолдау көздерін тұрақтандыру;

- Ақпараттық ашықтық: барлық қатысушыларды білім беру процесінің мақсаттары мен әдістері туралы ақпараттандыру.

ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР:

- Жеке тәсілді қолдану: сабақ мазмұнын, тапсырмаларды және бағалау түрлерін баланың мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу;

- Инклюзивті орта қалыптастыру: барлық оқушылардың өзін қауіпсіз және қабылданған сезінуіне жағдай жасау, сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыру;

- Кәсіби даму: ЕББҚ бар балаларды оқыту және дамыту бағытында тұрақты түрде біліктілікті арттыру курстарына қатысу;

- Ата-аналармен серіктестік: ашық диалог жүргізу, кеңес беру, бірлескен іс-шаралар (шеберлік сыныптар, дөңгелек үстел, тренинг, семинар, коучинг, курстар және т.б.) ұйымдастыру.

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР:

- Мектеп өміріне, жиналыстарға, семинарларға және жобаларға және инклюзивті мәдениетті насихаттайтын іс-шараларға қатысу;

- Баланың оқуына, тәртібіне және әлеуметтік дағдыларына үй жағдайында қолдау көрсету;

- Баланың мінез-кұлқы, қызығушылығы және даму ерекшеліктері туралы педагогтерге нақты ақпарат беру.

ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР:

- Ресурстық қолдау: мектептерге материалдық, ақпараттық және кадрлық ресурстармен көмектесу.

- Инклюзивтілік идеясын насихаттау: БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы инклюзивті білім берудің маңызын түсіндіру;

- Еріктілерді тарту: еріктілерді ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс істеуге тарту;

- Жергілікті серіктестік: мектептермен меморандум жасап, тұрақты қолдау көрсету механизмдерін қалыптастыру.